

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ - Түрік Университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінің
№9 ХАТТАМАСЫ

16.05.2025 ж.

Қатысқандар: комитет төрайымы, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова, мүшелері: оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов, PhD, аға оқытушы Н.Шектібаев, PhD, аға оқытушы Ж.Тұрғанбаева, ХҚТУ проф. Г.Сарбаева, аға оқытушы А.Еримова, хатшы А.Е.Сержанова

Күн тәртібінде:

1. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
2. 2025-2026 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту
3. 2023-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін беру (2024-2025 оқу жылы бойынша)
4. Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстары нәтижелерін талдау
5. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова: Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып оқу - тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім алушы іс - әрекетінің мазмұны ақпаратты қабылдау, оны ұғыну, білімділік дағдыларын жетілдіру. Оқытушының міндеті білім алушының іс - әрекетін ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, білім алушыға бағыт, бағдар беру. Технологиялық оқыту, білім берудің, жеке тұлғаны жан - жақты дамытудың жаңа ізденістерін талап етеді. Оқушының білім алу, даму т.б. іс - әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау технологияның басты белгілері.

Шешім: Айтылған мәліметтер назарға алынсын


2. оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов: 2025-2026 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын дайынап, бекітуге ұсынылу қажет. Әр кафедрадан жауапты тұлғалар жоспарды дайындауын қадағалау кафера меңгерушілеріне жүктеледі.

Шешім: 2025-2026 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын дайындап, бекітуге ұсынылсын

3.Техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова: 2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша әр кафедра жеке-жеке жылдық (2024-2025 оқу жылы бойынша) есебін беру қажет. Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Экология және химия кафедрасының 2024-2025 оқу жылы бойынша Индикативті жоспарды орындау есебі дайындалды. Есепте кафедраның Академиялық бағыты, Адам ресурстарын басқару, Интернационализация бағыттары бойынша жүргізген жұмыстары көрсетілген. Орындалған жұмыстар дәлелдеуші құжаттарымен бірге ұсынылды.

Шешім: Айтылған мәліметтер назарға алынсын

4. Техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.Ибрагимова: Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстары нәтижелерін талдау

Оқу-әдістемелік комитеттің төрайымы:  Э.К.Ибрагимова

Хатшы:  А.Е.Сержанова